**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Ең төменгі резервтік талаптар туралы ережені бекіту жөнінде" 2006 жылғы 27 мамырдағы № 38 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банк басқармасының 2011 жылғы 22 шілдедегі № 83 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 22 қыркүйекте № 7194 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 20 наурыздағы № 38 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 20.03.2015 № 38 ( 12.05.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерін белгілеу және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру тәртібін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Ең төменгі резервтік талаптар туралы ережені бекіту жөнінде» 2006 жылғы 27 мамырдағы № 38 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4268 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Ең төменгі резервтік талаптар туралы ережеде:

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Банк ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерін есептеу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Екінші деңгейдегі банктердің, «Қазақстан Даму Банкі» акционерлік қоғамының және ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне қаржы секторының шолуын қалыптастыру үшін мәліметтерді ұсыну жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2010 жылғы 27 желтоқсандағы № 105 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6772 тіркелген) сәйкес мәліметтерді (бұдан әрі – Мәліметтер) электрондық тасымалдағышта Ұлттық Банкке ұсынады.

11. Мәліметтерді:

1) филиалының саны оннан аспайтын банк, күн сайын (бұдан әрі - күн сайынғы мәліметтер) - есепті күннен кейінгі екі жұмыс күнінен кешіктірмей (ай сайынғы есеппен бір мезгілде ұсынылатын айдың алғашқы есепті күндерін

қоспағанда); ай сайын (бұдан әрі - ай сайынғы мәліметтер) - есепті айдың соңғы күнінен кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) он және одан көп филиалы бар банк күн сайынғы мәліметтерді - есепті күннен кейінгі үш жұмыс күнінен кешіктірмей (ай сайынғы есеппен бір мезгілде ұсынылатын айдың алғашқы есепті күндерін қоспағанда) және ай сайынғы мәліметтерді - есепті айдың соңғы күнінен кейінгі бес жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынады.»;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Банк банктің бірінші басшысы не оның орнындағы тұлға және бас бухгалтері қол қойған, банктің мөрімен куәландырылған ең төменгі резервтік талаптардың орындалуы туралы ақпаратты қағаз тасымалдауышта банктің резервтік активтерді қалыптастыруының есепті кезеңінің соңғы күнінен кейінгі бесінші күнтізбелік күннен кешіктірілмейтін мерзімде ұсынады.

Банктің резервтік активтерді қалыптастыруының есепті кезеңінің соңғы күні айдың бірінші немесе соңғы жұмыс күніне сәйкес келген жағдайда, банк ең төменгі резервтік талаптар нормативтерінің орындалуы туралы ақпаратты банктің резервтік активтерді қалыптастыруының есепті кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік жетінші күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсынады.»;

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Банк Ережеге сәйкес талап етілетін ең төменгі резервтік талаптар нормативтерінің орындалуы туралы ақпаратты ұсынбаған, уақтылы ұсынбаған не шынайы емес ақпарат ұсынған, сондай-ақ осы Ереженің өзге талаптарын орындамаған жағдайда, Ұлттық Банк Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес банкке шектеулі ықпал ету шараларын немесе санкциялар қолданады.»;

1, 2 және 3-қосымшалар осы қаулының 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ұлттық Банк*
*Төрағасы Г. Марченко*

*«КЕЛІСІЛДІ»*
*Қазақстан Республикасы*
*Статистика агенттігі*
*Төраға______________Ә.Смайылов*

*2011 жылғы 23 тамыз*

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2011 жылғы 22 шілдедегі

№ 83 қаулысына
1-қосымша

«Ең төменгі резервтік талаптар туралы ереженің
1-қосымшасы

Банктің ішкі міндеттемелері

| Баланстық шот | Көрсеткіштің атауы |
|---|---|
| 2014 | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттары |
| 2034 | Қазақстан Республикасының Үкіметінен және Қазақстан Республикасының жергілікті атқару органдарынан алынған қысқа мерзімді заемдар |
| 2036 | Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқару органдарынан және ұлттық басқарушы холдингтен алынған ұзақ мерзімді заемдар |
| 2038 | Қазақстан Республикасының Үкіметінен және Қазақстан Республикасының жергілікті атқару органдарынан алынған заемдар бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2064 | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қысқа мерзімді заемдар |
| 2066 | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған ұзақ мерзімді заемдар |
| 2067 | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қаржы лизингі |
| 2068 | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар және қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2201 | Мемлекеттік бюджеттің ақшасы |
| 2202 | Кастодиан банктердің жинақтаушы зейнетақы қорларына және инвестициялық портфельді басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға ашқан ағымдағы шоттардағы инвестицияланбаған қалдықтар |
| 2203 | Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары |
| 2204 | Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары |
| 2205 | Жеке тұлғалардың талап еткенге дейінгі салымдары |
| 2206 | Жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары |
| 2207 | Жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары |
| 2208 | Жеке тұлғалардың шартты салымдары |
| 2209 | Жеке тұлғалардың карт-шоттары |
| 2210 | Сенімгерлік басқаруға қабылданған қаржы активтері |
| 2211 | Заңды тұлғалардың талап еткенге дейінгі салымдары |
| 2212 | Клиенттердің тазартылған қымбат металдардағы металл шоттары |
| 2213 | Жеке тұлғалардың міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым |
| 2215 | Заңды тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары |
| 2216 | Клиенттердің тазартылған қымбат металдардағы мерзімді салымдары |
| 2217 | Заңды тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары |
| 2219 | Заңды тұлғалардың шартты салымдары |

| | |
|---|---|
| 2221 | Заңды тұлғалардың карт-шоттары |
| 2223 | Заңды тұлғалардың міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым |
| 2224 | Клиенттердің талап еткенге дейінгі салымдары бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2225 | Клиенттермен басқа да операциялар бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2226 | Клиенттердің мерзімді салымдары бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2227 | Алынған қаржы лизингі |
| 2228 | Мерзімінде орындалмаған нұсқаулар |
| 2230 | Алынған қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2232 | Клиенттердің шартты салымдары бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2237 | Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес жіберушінің нұсқ ауларын сақтау шоты |
| 2240 | Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілақы) ретінде қабылданғ ан ақшаны сақтау шоты |
| 2552 | Клиенттермен есеп айырысу |
| 2701 | Корреспонденттік шоттар бойынша есептелген шығыстар |
| 2703 | Қазақстан Республикасының Үкіметінен, Қазақстан Республикасының жергілікті атқару органдарынан және ұлттық басқарушы холдингтен алынған заемдар бойынша есептелген шығыстар |
| 2706 | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар және қаржы лизингі бойынша есептелген шығыстар |
| 2707 | Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілақы) ретінде қабылданған ақша сомасына сыйақы төлеумен байланысты есептелген шығыстар |
| 2717 | Клиенттердің тазартылған қымбат металдардағы металл шоттары бойынша есептелген шығыстар |
| 2718 | Клиенттердің ағымдағы шоттары бойынша есептелген шығыстар |
| 2719 | Клиенттердің шартты салымдары бойынша есептелген шығыстар |
| 2720 | Клиенттердің талап еткенге дейінгі салымдары бойынша есептелген шығыстар |
| 2721 | Клиенттердің мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыстар |
| 2723 | Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым бойынша есептелген шығыстар |
| 2726 | Клиенттердің карт-шоттары бойынша есептелген шығыстар |
| 2727 | Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша есептелген шығыстар |
| 2731 | Басқа да операциялар бойынша есептелген шығыстар |
| 2741 | Алынған заемдар және қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен сыйақы |
| 2742 | Талап еткенге дейінгі салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы |
| 2743 | Мерзімді салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы |
| 2745 | Алынған қаржы лизингі бойынша есептелген шығыстар |
| 2746 | Шартты салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы |
| 2747 | Басқа банктердің және клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым бойынша мерзімі өткен сыйақы |
| 2748 | Ағымдағы шоттар бойынша мерзімі өткен сыйақы |
| 2749 | Басқа да мерзімі өткен сыйақы |
| 2755 | Сенімгерлік басқаруға қабылданған қаржы активтері бойынша есептелген шығыстар |
| 2855 | Құжаттандырылған есеп айырысулар бойынша кредиторлар |

| | |
|---|---|
| 2891 | Фьючерс операциялары бойынша міндеттемелер |
| 2892 | Форвард операциялары бойынша міндеттемелер |
| 2893 | Опцион операциялары бойынша міндеттемелер |
| 2894 | Спот операциялары бойынша міндеттемелер |
| 2895 | Своп операциялары бойынша міндеттемелер |
| 2899 | Басқа да туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша міндеттемелер |

»

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2011 жылғы 22 шілдедегі
№ 83 қаулысына
2-қосымша

«Ең төменгі резервтік
талаптар туралы ереженің
2-қосымшасы

## Банктің резидент еместер алдындағы өзге міндеттемелері

| Баланстық шот | Көрсеткіштің атауы |
|---|---|
| 2012 | Шетелдік орталық банктердің корреспонденттік шоттары |
| 2013 | Басқа банктердің корреспонденттік шоттары |
| 2014 | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттары |
| 2016 | Басқа банктердің тазартылған қымбат металдардағы металл шоттары |
| 2022 | Шетелдік орталық банктердің талап еткенге дейінгі салымдары |
| 2023 | Басқа банктердің талап еткенге дейінгі салымдары |
| 2024 | Басқа банктердің талап еткенге дейінгі салымдары бойынша мерзімі өткен берешегі |
| 2044 | Халықаралық қаржылық ұйымдардан алынған қысқа мерзімді заемдар |
| 2046 | Халықаралық қаржылық ұйымдардан алынған ұзақ мерзімді заемдар |
| 2048 | Халықаралық қаржылық ұйымдардан алынған заемдар бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2052 | Шетелдік орталық банктерден алынған заемдар |
| 2054 | Басқа банктерден алынған қысқа мерзімді заемдар |
| 2056 | Басқа банктерден алынған ұзақ мерзімді заемдар |
| 2057 | Басқа банктерден алынған қаржы лизингі |
| 2058 | Басқа банктерден алынған заемдар және қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2064 | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қысқа мерзімді заемдар |
| 2066 | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған ұзақ мерзімді заемдар |
| 2067 | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған қаржы лизингі |

| | |
|---|---|
| 2068 | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар және қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2122 | Шетелдік орталық банктердің мерзімді салымдары |
| 2123 | Басқа банктердің қысқа мерзімді салымдары (бір айға дейінгі) |
| 2124 | Басқа банктердің қысқа мерзімді салымдары (бір жылға дейінгі) |
| 2125 | Басқа банктерден бір түнге тартылған салымдар |
| 2126 | Басқа банктердің тазартылған қымбат металдардағы мерзімді салымдары |
| 2127 | Басқа банктердің ұзақ мерзімді салымдары |
| 2130 | Басқа банктердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым |
| 2131 | Басқа банктердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілақы) ретінде қабылданған ақшаны сақтау шоты |
| 2133 | Басқа банктердің шартты салымдары |
| 2135 | Басқа банктердің мерзімді салымдары бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2138 | Басқа банктердің шартты салымдары бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2203 | Заңды тұлғалардың ағымдағы шоттары |
| 2204 | Жеке тұлғалардың ағымдағы шоттары |
| 2205 | Жеке тұлғалардың талап еткенге дейінгі салымдары |
| 2206 | Жеке тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары |
| 2207 | Жеке тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары |
| 2208 | Жеке тұлғалардың шартты салымдары |
| 2209 | Жеке тұлғалардың карт-шоттары |
| 2210 | Сенімгерлік басқаруға қабылданған қаржы активтері |
| 2211 | Заңды тұлғалардың талап еткенге дейінгі салымдары |
| 2212 | Клиенттердің тазартылған қымбат металдардағы металл шоттары |
| 2213 | Жеке тұлғалардың міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым |
| 2215 | Заңды тұлғалардың қысқа мерзімді салымдары |
| 2216 | Клиенттердің тазартылған қымбат металдардағы мерзімді салымдары |
| 2217 | Заңды тұлғалардың ұзақ мерзімді салымдары |
| 2219 | Заңды тұлғалардың шартты салымдары |
| 2221 | Заңды тұлғалардың карт-шоттары |
| 2222 | Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары |
| 2223 | Заңды тұлғалардың міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым |
| 2224 | Клиенттердің талап еткенге дейінгі салымдары бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2225 | Клиенттермен басқа да операциялар бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2226 | Клиенттердің мерзімді салымдары бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2227 | Алынған қаржы лизингі |
| 2228 | Мерзімінде орындалмаған нұсқаулар |
| 2230 | Алынған қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2231 | Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2232 | Клиенттердің шартты салымдары бойынша мерзімі өткен берешек |
| 2237 | Қазақстан Республикасының валюталық заңнамасына сәйкес жіберушінің нұсқауларын сақтау шоты |
| | |

| | |
|---|---|
| 2240 | Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілақы) ретінде қабылданған ақ шаны сақтау шоты |
| 2551 | Басқа банктермен есеп айырысу |
| 2552 | Клиенттермен есеп айырысу |
| 2701 | Корреспонденттік шоттар бойынша есептелген шығыстар |
| 2702 | Басқа банктердің талап еткенге дейінгі салымдары бойынша есептелген шығыстар |
| 2704 | Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар бойынша есептелген шығыстар |
| 2705 | Басқа банктерден алынған заемдар және қаржы лизингі бойынша есептелген шығыстар |
| 2706 | Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардан алынған заемдар және қаржы лизингі бойынша есептелген шығыстар |
| 2707 | Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілақы) ретінде қабылданған ақ ша сомасына сыйақы төлеумен байланысты есептелген шығыстар |
| 2708 | Басқа банктердің тазартылған қымбат металдардағы металл шоттары бойынша есептелген шығыстар |
| 2712 | Басқа банктердің мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыстар |
| 2713 | Басқа банктердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым бойынша есептелген шығыстар |
| 2714 | Басқа банктердің шартты салымдары бойынша есептелген шығыстар |
| 2717 | Клиенттердің тазартылған қымбат металдардағы металл шоттары бойынша есептелген шы ғыстар |
| 2718 | Клиенттердің ағымдағы шоттары бойынша есептелген шығыстар |
| 2719 | Клиенттердің шартты салымдары бойынша есептелген шығыстар |
| 2720 | Клиенттердің талап еткенге дейінгі салымдары бойынша есептелген шығыстар |
| 2721 | Клиенттердің мерзімді салымдары бойынша есептелген шығыстар |
| 2722 | Еншілес ұйымдардың арнайы мақсаттағы салымдары бойынша есептелген шығыстар |
| 2723 | Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым бойынша есептелген шығыстар |
| 2726 | Клиенттердің карт-шоттары бойынша есептелген шығыстар |
| 2727 | Туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша есептелген шығыстар |
| 2731 | Басқа да операциялар бойынша есептелген шығыстар |
| 2741 | Алынған заемдар және қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен сыйақы |
| 2742 | Талап еткенге дейінгі салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы |
| 2743 | Мерзімді салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы |
| 2745 | Алынған қаржы лизингі бойынша есептелген шығыстар |
| 2746 | Шартты салымдар бойынша мерзімі өткен сыйақы |
| 2747 | Басқа банктердің және клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету болып табылатын салым бойынша мерзімі өткен сыйақы |
| 2748 | Ағымдағы шоттар бойынша мерзімі өткен сыйақы |
| 2749 | Басқа да мерзімі өткен сыйақы |
| 2755 | Сенімгерлік басқаруға қабылданған қаржы активтері бойынша есептелген шығыстар |
| 2855 | Құжаттандырылған есеп айырысулар бойынша кредиторлар |
| 2891 | Фьючерс операциялары бойынша міндеттемелер |
| 2892 | Форвард операциялары бойынша міндеттемелер |
| | |

| | |
|---|---|
| 2893 | Опцион операциялары бойынша міндеттемелер |
| 2894 | Спот операциялары бойынша міндеттемелер |
| 2895 | Своп операциялары бойынша міндеттемелер |
| 2899 | Басқа да туынды қаржы құралдарымен операциялар бойынша міндеттемелер |

»

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
2011 жылғы 22 шілдедегі
№ 83 қаулысына
3-қосымша

«Ең төменгі резервтік
талаптар туралы ереженің
3-қосымшасы

## Банктің өзге міндеттемелері

| Баланстық шот | Көрсеткіштің атауы |
|---|---|
| 2301 | Айналысқа шығарылған облигациялар |
| 2303 | Айналысқа шығарылған басқа да бағалы қағаздар |
| 2306 | Сатып алынған облигациялар |
| 2730 | Айналысқа шығарылған басқа да бағалы қағаздар бойынша есептелген шығыстар |
| 2744 | Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен сыйақы |

»

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК